

БЕКІТЕМІН

Облыстық халық шығармашылығын
дамыту және мәдени-продюсерлік

орталығының директоры

Алек

Ж.Кұрамысова

«25»

2024 жыл



«Маржан сөз, қоныр үн» атты концерт жүргізушілерінің облыстық байқауының ережесі

Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен концерт жүргізушілерінің облыстық байқауы А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде 28 наурыз күні өткізіледі.

Байқаудың мақсаты

Жастар мен студенттер арасында көркем шығармашылықты дамыту, үлкен аудиториямен сөйлесе білу дағдысын, сөздік қорын, тіл байлығын қалыптастыру, сол арқылы жастарды үлкен сахнаға, концерт жүргізушілікке баулу. Талапкерлер арасынан үздік деп танылған жастарды облыс көлемінде өткізілетін мәдени шараларға тарту.

Байқаудың талаптары мен шарттары

Байқауға бойында өнері бар Қызылорда қаласындағы арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттері мен жастар қатыса алады. Катысушылардың жасы 16-30 аралығында болуы қажет. Талапкердің сахнаны менгеруі, жарасымды қимыл-қозғалысына мән беріледі. Талапкердің сырт-сымбаты сахнамен үйлесім табуы, сөйлеу мәдениеті жоғары, мәнерлеп окуы мен дауыс ырғағы анық болуы керек. Дұрыс тандалған образ /концерттік костюм, шаш үлгісі, аксессуарлар/, жақсы дайындалған сценарий, дикция, тембр басты маңыз атқарады.

1. «Сөз басы - сәлем» /видеовизитка/. Байқауға қатысушы талапкерлер өзі жайлы видеокадр дайындауы шарт. Уақыты 3 минут.
2. «Өлең – сөздің патшасы...». Отан, туған жер, достық жайлы танымал ақындардың өлеңдерінен үзінді оқу. Уақыты 3 минут.
3. «Жұлдызды сәт». Өз қалауы бойынша елімізде тойланатын мерекелердің бірінің сценарийін дайындау, жүргізу. Уақыты 5 минут. Көшпілік сахнасын, қолдаушы топты, видеоконтентті қолдануға рұқсат етіледі.

Байқауға қатысушылардың өнерін көсіби мамандардан құрылған қазылар алқасы сараптайды. Байқау қорытындысымен үздік деп танылған үміткерлерге Бас жүлде, I орын, II орын, III орындар тағайындалып, арнайы дипломдар мен алғыс хаттар беріледі.

Байқауға қатысу үшін өтінімдерді наурыз айының 14-не дейін облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығына жолдауға болады.

**Мекен жайы: Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, 23
байланыс телефондары 27-76-33, 87751256054
Электронды пошта - zhd.club@mail.ru**